

«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы ALT Университеті» АҚ
«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кафедрасы

БЕКІТЕМІН
ALT Университеті ҒК төрайымы
С. Амиргалиева

ALT Университеті Ғылыми кеңесінің шешімі
«30» 05 2024 ж (хаттама № 9)

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
(ӘҢГІМЕЛЕСУ) БАҒДАРЛАМАСЫ


7M06127 – Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасы, бейіндік бағыт
бойынша

Алматы, 2024

Қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) бағдарламасы
«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кафедрасының отырысында талқыланып, оң шешім қабылданған, «18» сәуір 2024 ж., № 8 хаттама.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»
кафедрасының меңгерушісі  **Касымова Д.Т.**

Қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) бағдарламасы
«Автоматтандыру және телекоммуникациялар» институты Кеңесінің отырысында талқылانған және ұсынылған, «26» апрель 2024 ж. № 5 хаттама.

«Автоматтандыру және телекоммуникациялар»
институты Кеңесінің төрағасы  **Тойгожинова А.Ж.**

МАЗМҰНЫ

		бет
1	Білім беру бағдарламалары тобы бойынша қабылдау емтиханының мақсаты	4
2	Білім беру бағдарламалары тобы бойынша магистратураға қабылдау емтиханын (әңгімелесуді) өткізу регламенті	4
3	Әңгімелесуді бағалау критерийлері	4
4	Әңгімелесу сұрақтары	5
5	Ұсынылатын әдебиеттер	6
5.1	Негізгі әдебиеттер	6
5.2	Қосымша әдебиеттер	6
	Қосымша 1	7

1. Білім беру бағдарламалары тобы бойынша қабылдау емтиханының мақсаты

Шетел азаматтарын ақылы негізде «Мұхаметжан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ оқуға қабылдау Қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

«7M06127 – Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) мақсаты магистратураға қабылдаушының теориялық және практикалық дайындығын, дайындық бағыты бойынша магистратурада оқу талаптарына білімнің, білік пен дағдылардың сәйкестік деңгейін анықтау болып табылады.

2. Білім беру бағдарламалары тобы бойынша магистратураға қабылдау емтиханын (әңгімелесуді) өткізу регламенті

Қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) ұзақтығы – 30 минут, оның барысында қабылдаушы әңгімелесуден өтеді, Президент-Ректор бекіткен құрамы 3 адамнан тұратын комиссияның сұрақтарына жауап береді.

Қабылдаушының таңдауы бойынша қабылдау емтиханы (әңгімелесу) қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде тапсырылады.

Қабылдау емтиханына (әңгімелесуге) дәлелді себеппен келмеген адамдар (ауру немесе құжаттамамен расталған өзге де мән-жайлар) әңгімелесудің бекітілген кестесіне сәйкес басқа күндерге тапсыруға жіберіледі.

Әңгімелесу бейнебайланысты міндетті түрде пайдалана отырып, күндізгі/қашықтықтан жүргізіледі. Бейнежазба мұрағатта үш жылдан аспайтын мерзімде сақталады.

Әңгімелесу процесінде үміткердің білімін нақтылау үшін әңгімелесу сұрағының мазмұны бойынша да, бағдарлама шегіндегі пәннің кез келген бөлімдері бойынша да қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.

Әңгімелесу хаттамалары әңгімелесу аяқталғаннан кейін бірден қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тапсырылады.

Әңгімелесуді өткізуге байланысты барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

3. Әңгімелесуді бағалау критерийлері

Әңгімелесу рәсімі №1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі хаттамамен ресімделеді, онда түсушіге сұрақтар мен әңгімелесу нәтижелері тіркеледі.

Үміткерлерді бағалау университет қабылдаған жүйе бойынша 1-кестеге сәйкес жүргізіледі. Комиссияның магистратурада одан әрі оқу үшін кандидаттардың/үміткерлердің жеткілікті деңгейі туралы шешімі өту балы

болып табылады. Әңгімелесу бойынша әрбір шешімге комиссия мүшелері қол қояды.

Университетке қабылданғандарды әңгімелесу ХАТТАМАСЫ олардың жеке іс құжаттарында сақталады.

1 кесте. Әңгімелесуді бағалау критерийлері

Критерийлер	Дескрипторлар	Деңгейі
Мотивация	Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдеу. Оқу аяқталғаннан кейін кәсіби және жеке өсу перспективаларын көру жеткілікті/жеткіліксіз	жеткілікті/ жеткіліксіз
Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеру жеткілікті/жеткіліксіз	жеткілікті/ жеткіліксіз
Шығармашылық	Стандартты емес ойлау, проблемаларды шешудің шығармашылық және балама тәсілдері, ситуациялық есептер жеткілікті/жеткіліксіз	жеткілікті/ жеткіліксіз
Коммуникативтілік	Өз көзқарасын қысқаша, өкілді, логикалық, дәлелді түрде жеткізе білу, жалпылау және қорытынды жасау. Тілдерді меңгеру жеткілікті/жеткіліксіз	жеткілікті/ жеткіліксіз
Комиссия шешімі		жеткілікті/ жеткіліксіз

4. Әңгімелесу сұрақтары

1. Шешімдерді қолдау жүйелерінің (DSS) концепциясын түсіндіріңіз.
2. Шешімдерді қолдау үшін қандай математикалық модельдер қолданылады?
3. Шешімдерді қолдау жүйелерінде жасанды интеллекттің рөлі қандай?
4. Нейрондық желінің негізгі компоненттерін түсіндіріңіз.
5. Қандай нейрондық желі түрлері бар және олар қандай міндеттер үшін арналған?
6. Нейрондық желінің оқыту процесі қалай өтеді?
7. Іздеу жүйелері қалай жұмыс істейтінін түсіндіріңіз.
8. Іздеу жүйелерінде қандай рейтинг алгоритмдері қолданылады?
9. Веб-іздеу жүйелерінде машиналық оқыту технологиялары қалай қолданылады?
10. Бақыланатын және бақыланбайтын оқыту арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз.
11. Қандай машиналық оқыту алгоритмдері ең танымал және олар қандай міндеттер үшін қолданылады?
12. Нейрондық желі деген не және ол қалай оқытылады?

13. Ақпараттық жүйелерге қандай негізгі қауіпсіздік қатерлері бар?
14. Ақпараттық жүйелердегі тәуекелдерді басқару концепциясын түсіндіріңіз.
15. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қандай әдістер мен құралдар қолданылады?
16. Бизнес-аналитика жүйелері дегеніміз не және олардың негізгі компоненттері қандай?
17. Data Mining концепциясын және оның бизнес-аналитикадағы қолданылуын түсіндіріңіз.
18. Бизнес-аналитикада қандай болжау әдістері қолданылады?
19. SQL және NoSQL деректер базалары арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз. Әрқайсысын қай жағдайда қолданған жөн?
20. Реляциялық деректер базасы концепциясын және оның негізгі компоненттерін түсіндіріңіз.

5. Ұсынылатын әдебиеттер

5.1 Негізгі әдебиет

1. Р.И. Мухамедиев, Е.Н. Амиргалиев. Введение в машинное обучение. Алматы, 2022. – 288 с. ISBN 978-601-08-1177-5.
2. MLF_Theory_AI&ML_SummerWorksop_2021_v_2.8.pdf - https://www.dropbox.com/s/beyh0u9xnpcanje/MLF_Theory_AI%26ML_SummerWorksop_2021_v_2.8.pdf?dl=0
3. AI Application Programming by M. Tim Jones. Charles River Media © 2003. ISBN:1584502789.
4. Stuart Russell and Peter Norvig. Artificial Intelligence: A modern approach. Pearson Edition, Inc., Upper Saddle River, New Jersey 07458. 2010. ISBN-10: 0136042597, ISBN-13: 9780136042594
5. Pedregosa F. et al. Scikit-learn: Machine learning in Python //Journal of Machine Learning Research. – 2011. – Т. 12. – №. Oct. – С. 2825-2830.
6. Muhamedyev R. Machine learning methods: An overview //CMNT. – 19(6). – 2015. – P. 14-29

5.2 Қосымша әдебиеттер

1. Мередит Бруссард. Искусственный интеллект. Пределы возможного. – М.: Альпина нон-фикшн, 2020. – ISBN 978-5-00139-080-0
2. Гладков Л. А., Курейчик В. В., Курейчик В. М. Генетические алгоритмы: Учебное пособие. – 2-е изд. – М.: Физматлит, 2006. – 320 с. – ISBN 5-9221-0510-8
3. David A. Patterson, John L. Hennessy. Computer Organization and Design: The Hardware/Software Interface, 5th Edition. – Morgan Kaufmann, 2013. – 800 p. – ISBN 0124077269. (англ.)
4. Вандер Плас Дж. Python для сложных задач. Наука о данных и машинное обучение = Python Data Science Handbook: Essential Tools for Working with Data. – Питер, 2017. – 576 с. – ISBN 978-5-496-03068-7.